Айқын

БІЛІМ

# ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ ОҚУ ОРДАСЫ

**Қазақ-Америка университеті мемлекеттің стратегиялық басым бағыттарына сәйкес жоғары білім және ғылым саласындағы заман талабына сай даму жолын анықтап, өз бағдарламасын қабылдады. Бағдарламада білім және ғылым аясын сапалы жетілдірудің жаңа тәсілдерін іске асыру, дүниежүзілік білім беру жүйесіне кіру, білімгерлер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын жетілдіру, ғылым, білім және инновация үштігінің тиімді синтезін қалыптастыру, жас ұрпақты патриоттық рухта тербиелеу мәселелері басым бағыттар ретінде анықталған.**




Университеттің білім беру ісі қоғамның ақпараттандыруына байланысты оқу мүмкіндіктерін кеңейту, ақпараттық технологияларды енгізу мүмкіндіктерін дамыту сияқты мақсаттарды көздейді. Бүгінде университетте заманауи талаптарға сай кредиттік технология жүйесі негізінде халықаралық қатынастар, аударма ісі, журналистика, есеп және аудит, қаржы, экономика, құқықтану, радиотехника электроника және телекоммуникациялар мамандықтары бойынша студенттер білім алуда.

Қазақ-Америка университеті бүгінгі күні АҚШ колледждері леді. Студенттер таңдаған тақырыптарына орай мағлұматтар бере отырып, болашақта жұмыстарын терең, мазмұнды зерттейтіндерін көрсетеді.

ҚАУ-дың білім алушылары академиялық ұтқырлықты дамыту бойынша Ұлыбритания, АҚШ, Ресей, Түркия, Польша, ҚХР, Германия мемлекеттеріндегі ЖОО-ларда тағылымдамадан өтуде.

«Өнер – ағып жатқан бұлақ, ілім – жанып тұрған шырақ» деген сөз бар. Өйткені, білімді жастар – болашақтың тізгінін ұстайтын жарқын келешектің иелері. Білім мұхитын кешіп,

циясына қабылданған ТМД-дағы жалғыз, халықаралық деңгейдегі беделді жоғары оқу орындарының бірі. Қазақ-Америка университетінің құрамына ассоциацияланған ЮНЕСКО мектебі, Байланыс колледжі, бакалавриат пен магистратура кіреді. Университет әлемнің көптеген (АҚШ, Канада, Италия, Испания, Түркия, Корея) университеттерімен тығыз байланыста. Классикалык кеңес мектебіне ең жақсы дәстүрін сақтап, оларды алдыңғы американдық жоғары оқу орындардың бағдарламаларымен біріктіріп, университет өзінің студенттеріне жан-жакты білім алуға, ойлау қабілетін дамытуға, қазіргі динамикалық өмірде үлкен жетістіктерге жетуге және өз саласынын білікті маманы болуға мүмкіндік береді, студенттердің тұлғалык касиеттерін, көшбасшылық дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөледі.

2017 жылдың 12 қыркүйегінде университет өзінің 20 жылдық мерейтойын атап өтеді. Бұл мерекеге байланысты жылдын басынан бастап университетте әртүрлі мәдени іс-шаралар өткізілуде. Мысалы, дөңгелек үстелдер, ашық сабактар, кездесулер, семинарлар, ашық есік күндері, концерттік бағдарламалар, конференциялар және т.б. Студенттер арасында әр мамандық бойынша байқау ұйымдастырылып, ғылыми жұмыстар, жобалар корғалуда. Студенттік клубтардың жұмыстары көрсетіліп, есеп берілуде. Кең байтак еліміздің кез келген түкпірінде қоғамдық және мемлекеттік кызметтерді абыроймен атқарып жүрген түлектерінде есеп жоқ. Бүгінгі күні ҚАУ-дың түлектері Қазакстаннын мемлекеттік құрылымдарында, алдыңғы қатардағы компанияларда, халыкаралык ұйымдарда, отандық бизнес секторларында, қоғамымыздын әр саласында кажырлы қызмет жасап, республикамыздың түкпір-түкпірінде жемісті енбек етіп келеді.

Тілдерді жақсы меңгеріп, шетелде тәжірибеден өтемін, оқуымды жалғастырамын деген студенттерге мүмкіндік жасалды. Студенттердің арасынан бейімі барларын іріктеп, ғылыми салаға тарту жұмыстары үзбей жүргізіліп келеді. Әрекетсіз тектен-тек қолға түсе қалатын оңай олжа емес. «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні ғаріп». Осы бағытта аянбай еңбек етіп, әр шәкіртін алдына қойған мақсатына жетелеп, зердесіне ақыл косып, жаркын болашағына бағыт-бағдар сілтеп, нағыз дос, қамкоршы бола білген Қазақ-Америка университетінің ұстаздар алқасы білікті, білімді мамандардан құралған.

Университетте өткен тәжірибесін жанамен ұштастыра алатын, кәсіби қызығушылығы жоғары, танымы биік, бастаған ісінін нәтижесін көре алатын, ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдай білетін, педагогикалық үрдістің заңдылықтарымен етене таныс, окытудың әдістемелі жаналықтарынан хабардар, жоғары білікті оқытушылар мен ғалымдар жұмыс істейді. Университет халықаралық ынтымақтастықты дамытуға көңіл бөліп келеді. Мұнда халықаралық және республикалық деңгейдегі түрлі конференциялар, дөңгелек үстелдер тұракты өткізіледі. Оқу үрдісін, ғылыми зерттеулерді, халықаралық қызметті жетілдіру және өндіріспен тығыз байланыс орнату мақсаттарында реформалар жүзеге асырылады.

Бұл үздіксіз жаңару үрдісі әртүрлі саладағы мамандарға сұранымның тез өзгеріп жатқан талаптарына сай болу үшін жүргізіледі.

Бүгінде мұнда студенттердің сапалы білім алып, ғылыммен, өнермен, спортпен айналысуы үшін, олардың бойында халқымыздың ұлттық құндылықтарын дарыту мақсатында көп жұмыстар жасалып жатқаны, университеттің еліміздің жоғары оқу орындары арасында үлкен беделге ие болып отырғаны көңілге қуаныш ұялатады.

Университет ұжымы өз жұмысын алдағы кезде де заман талабына сай жетілдіре түсіп, студенттерге білім беру мен ғылыми ізденістерді ұштастыра жүргізу арқылы «Қазақстан – 2050» стратегиялық жоспарының табысты жүзеге асуына өздерінің сүбелі үлесін қасады.

**Дана ИКАПОВА,**
**Қазақ-Америка университетінің оқытушысы,**
**педагогика ғылымдарының кандидаты**